

**Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 4 наурыздағы № 19-4 " Шыңғырлау ауданында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 30-5 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 қаңтарда № 3777 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2020 жылғы 11 ақпандағы № 50-1 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 11.02.2020 № 50-1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 4 наурыздағы № 19-4 " Шыңғырлау ауданында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау қағидасын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3451 тіркелген, 2014 жылғы 19 сәуірдегі "Серпін" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Шыңғырлау ауданында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау қағидасында:

8-тармақ алынып тасталсын;

9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Тұрғын үй көмегі өтініш берілген айдан бастап ағымдағы жартыжылдыққа тағайындалады. Барлық қажетті құжаттарымен өтініш берген ай өтініш берілген ай деп саналады.

Отбасының (азаматтың) табыстары, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтердің тұтыну төлемдерінің тарифтері

өзгерген жағдайда уәкілетті орган бұрын тағайындалған көмекті қайта есептейді.  
".

2. Аудандық мәслихат аппаратының басшысы (Б. Уразғалиев) осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Т. Қалмен

Мәслихат хатшысы

Т. Қалмен